

Құттықтаймыз!

Құрметті Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫ!

Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының атынан Шет ауданының ардақты азаматы, білім саласының үздігі, кәсіподақтың майталман ардагері **Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫН** 70 жасқа толған мерейтойымен шын пейілмен құттықтаймыз! Тезекбай Амандықұлы еңбек жолын ұрпақ тәрбиелеу - менің ізгі борышым мен міндетім деп,



білім беру саласын дамытуға, оның алға ілгерілеп, абыройының асқақтауына барлық күш-жігерін аямай, қарапайым мұғалімдік қызметтен бастады. Жоғары кәсіпқойлық, жауапкершілікті сезіне білу, ұйымдастырушылық қабілет пен адамға деген зор сезімталдығымен ерекшеленген Тезекбай аға білім баспалдағының талай белестерінен табысты өтіп, 2008 жылы Шет ауданының білім қызметкерлері оған үлкен сенім білдіріп, кәсіподақ комитетінің төрағасы етіп сайлады. Кәсіподақ қозғалысының дамуына сүбелі үлес қосып, адал қызмет етті. Аудан ұстаздарының мәселесін шешіп, мәртебесін көтеруде көпжылдық тәжірибесі мен даналығына тәнтіміз. Мәртебелі қызметте күрделі істердің әділ шешілуі, Тезекбай Амандықұлының беделі мен абыройының арқасы. Әріптестері ақылман басшы, іскер ұйымдастырушы, жарқын бастамалардың қолдаушысы ретінде ерекше бағалап, құрмет тұтады. Өзінің соңынан адамдарды ілестіре алатын, сөйлеген сөзімен, өнегелі ісімен ықпал ете білетін тұлға. Кәсіподақ қызметінде табан аудармастан еңбек етіп, ел ұстаздарының жанашыры болған, көптеген әріптестеріне көмегі тиген ардақты аға. Білім және ғылым қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауда ерекше белсенділік танытқаны үшін «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының «Кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін» Құрмет белгісімен марапатталды. Әдебиет пен поэзияға құштар жүрегі мен көңілі таза Тезекбай аға өлең жазады. Алғашқы өлеңдері мектепте оқып жүргенде, 7 сыныпта газет бетінде жарық көрді. Облыстық «Сарыарқа саздары» газетінде облыс ақындарымен бірге бірнеше өлеңдері жарияланған. Шет ауданы ақындарының антологиясы жинағына көп өлеңдері енген. Ал 2000 жылы ақын ағамыздың 50 жасқа толуына орай «Сәулелі мезет» атты алғаш өлеңдер жинағы басылып шыққан болатын.

Тынымсыз еңбектің арқасында көп белес пен биіктерден өткен Тезекбай Амандықұлына бүгінгідей мерейлі сәтте ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Отбасы аман, жүзі жарқын, мерейі үстем болсын!

Төраға М.С.КОНУРБАЕВ.

№208.